**Ішкі істер органдары қызметінің мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес отырысының №2 хаттамасы**

Астана қаласы 2024 жылғы «19» сәуірдегі

**Төрағалық еткен:** Р.С. Ошақбаев

**Қатысқан Қоғамдық кеңес мүшелері:** Ә.Қ. Түгел, Ө.К. Болсамбеков, Б.С. Дүйсембинов, Б.Ж. Төйкебаева, А.А. Саданов, Т.Б. Әбілмәжінов, Қ.С. Дүйсембеков, «ZOOM» арқылы онлайн режимде: М.А. Әбенов, Д.О. Абибуллаев, С.Ж. Адамбаев, Ж.К. Ахметова, Н.Н. Балабаева, И.О. Врачев, Н.О. Дулатбеков, Л.К. Жақыпова, Ж.З. Қосыбаев, А.Г. Орлова, К.Х. Рахымбердин, Д. Рахметуллин, О.Т. Сыздыков, О.Ю. Тарабукина, Д.Н. Турганов, Ш.К. Хасанова.

**Шақырылғандар:** Әкімшілік полиция комитетінің басқарма бастығы Ә.О. Оспанов.

**Кәмелетке толмағандар жасаған және кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстар бойынша қабылданатын шаралар туралы**

*(Р.С. Ошақбаев, Д.Н. Турганов, А.К. Түгел, Б.Ж. Тойкебаева, К.Х. Рахымбердин, Ө.К. Болсамбеков, Б.С. Дюсембинов, Н.Н. Балабаева, А.Г. Орлова, Қ.С. Дүйсембеков, А.О. Оспанов)*

**1.** Әкімшілік полиция комитетінің басқарма бастығы Ә.О. Оспановтың ақпараты назарға алынсын.

**2.** ІІМ іске асырып жатқан құқық бұзушылықтардың профилактикасы жөніндегі бағдарламаға жұртшылықтың жеткіліксіз қатысуы танылсын.

**3. Оқу-ағарту министрлігі:**

3.1. Алматы, Абай және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдіктерімен бірлесіп, Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары ретінде жаңа коммуналдық объектілерді құру не өзге де коммуналдық объектілерді қайта бейіндеу мүмкіндігін пысықтасын.

3.2. Орта білім беру ұйымдарында психологтардың біліктілігін арттыру мәселесін қарасын.

**4. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі** жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, Жазғы демалыс кезеңінде кәмелетке толмағандарды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және жұмысқа орналастыруды ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдасын.

**5. Мәдениет және ақпарат министрлігі:**

5.1. қоғамдық көлікте, қоғамдық орындарда, танымал әлеуметтік желілерді платформасында орналастырумен балаларды адамгершілікке тәрбиелеуге, оларға салауатты өмір салты дағдыларын, мәдени-отбасылық құндылықтарды үйретуге бағытталған арнайы бейнероликтер жасасын.

5.2. жастар арасында көшбасшылық қасиеттерді дамыту және волонтерлік қозғалыстарды дамыту бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды бөлуді қарастырсын.

**6. Туризм және спорт министрлігі** жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, жасөспірімдерді жұмыспен барынша қамту мақсатында өтеусіз негізде жұмыс істейтін балалар үйірмелері мен секцияларын ұлғайту мәселесін пысықтасын.

**7. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері** өмірлік қиын жағдайға тап болған кәмелетке толмағандарға еңбек және тұрмыстық орналастыру, өзге де көмек көрсету бойынша тиісті деңгейде шаралар қабылдауды ұйымдастырсын.

**8. Ішкі істер министрлігі:**

8.1. азаматтық қоғамды тарта отырып, әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша жаңа заңның ережелерін түсіндіру бойынша сөз сөйлеуді жандандырсын.

8.2. кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторларға жүктеме нормативтерін қайта қарасын.

## Ювеналды полиция инспекторларының жұмысы бойынша өзекті мәселелер: тәжірибе, проблемалар, шешімдер

*(Р.С.Ошақбаев, Д.Н. Турганов, А.К. Түгел, Б.Ж. Тойкебаева, К.Х. Рахымбердин, У.К. Болсамбеков, Б.С. Дюсембинов, Н.Н. Балабаева, А.Г. Орлова, Қ.С. Дүйсембеков, А.О. Оспанов)*

**9. Бас прокуратура** «Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарламаны немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ СДТБТ жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 19 қыркүйектегі №89 БП бұйрығына, шынайы себептерді анықтау үшін қылмыстық іс бойынша шешім қабылдағаннан кейін кәмелетке толмағандардың суицидтері кезінде «қылмыс жасау себебі» деректемесін толтыру бөлігінде өзгерістер енгізсін.

Имидждік жұмыс және ішкі коммуникациялар департаменті кеңестің отырысы және қабылданған шешімдер туралы ақпаратты БАҚ-та және ведомстволық интернет-ресурста орналастырсын.

Қабылданған шаралар мен жұмыс нәтижелері туралы Қоғамдық кеңестің хатшылығын **2024 жылғы 1 маусымға** дейін хабардар етсін.

**Ішкі істер органдары**
**қызметінің мәселелері жөніндегі**
**қоғамдық кеңес төрағасы** **Р. Ошақбаев**

**Ішкі істер органдары**
**қызметінің мәселелері жөніндегі**
**қоғамдық кеңес хатшысы** **Қ. Елубаев**